

ӘОЖ 902:911; 930:37.016; МҒТАР 03.81.21; 03.01.45

<https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.308>**Ж. ДЮСЕМБЕКОВА¹, Р. ХАЗРЕТӘЛІҚЫЗЫ²**¹PhD докторант, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: kzzhadyra@gmail.com²PhD, аға оқытушы, Қожас Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz

ГЕНДЕРЛІК БІЛІМ БЕРУДЕ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТІ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІН ҚОЛДАНУ

Аңдатпа. XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамында көтерілген әйел теңдігі мәселесі кеңестік биліктің алғашқы жылдарынан бастап ұлт зиялыларының бастамасымен ауқымды саяси және мәдени-әлеуметтік саясатқа айналды. Түркістан Автономиялы Кеңестік социалистік Республикасы аумағында бұл мәселе барынша өткір сипат алды. Республика орталық билігінің қазақ тіліндегі баспасөз органы ретінде жарық көрген «Ақ жол» газетінде өлкедегі әйел теңдігін орнықтыру науқанына қатысты көптеген мақалалар жарық көрді. Осы мақалалардың мәліметтеріне жасалған талдау тақырыптың тарихын кеңінен тарқатуға мүмкіндік береді. Түркістан өлкесінде әйел теңдігіне қатысты жүргізілген саяси және мәдени реформа тарихын және әйел теңдігі мәселесінің тарихын ғылыми қалпына келтіру; әйел теңдігіне қатысты атқарылған үкіметтік шаралардың тиімділігін бағалау, «Ақ жол» газетінде тақырыпқа қатысты жарық көрген мақалалардың мәліметтерін гендерлік білім беруде қолдану міндеттері алға қойылады.

Мақалада «Ақ жол» газетінде жарияланған деректердің өлкедегі кеңестік биліктің әйел теңдігін орнықтыруға бағытталған саясаты талданды. Жаңа қоғамдық қатынастарды орнықтыру жағдайында әйел теңдігі мәселесін ұлттық идея деңгейінде көтергені ұлт зиялыларының шығармашылығына баға берілді. Түркістан өлкесіндегі қоғамдық қатынастарды модернизациялауда әйел теңдігіне басты саяси-әлеуметтік міндеттердің бірі деген баға берілді, гендерлік мәселені ұлттық идея деңгейіне көтерген алаштық қайраткерлердің әрекеті кеңестік реформалармен кірігіп, барынша нәтижелі болғандығы дәлелденді.

Кілт сөздер: «Ақ жол» газеті, әйел теңдігі, қалың мал, әменгерлік, неке заңы, гендерлік саясат, гендерлік білім.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Дюсембекова Ж., Хазретәліқызы Р. Гендерлік білім беруде «Ақ жол» газеті жарияланымдарының деректерін қолдану // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 513–528. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.308>

***Cite us correctly:**

Diusembekova Zh., Hazretaliqyzy R. Genderlik bilim berude «Aq zhol» gazeti zharialanymdarynyn derekterin qoldanu [Using Sources From the Publications of The Newspaper “Ak Zhol” in Gender Education] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – B. 513–528. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.308>

Мақаланың редакцияға түскен күні 06.10.2024 / жарияланған күні 30.12.2025

Zh. Dyusembekova¹, R. Khazretalikyzy²¹*PhD Doctoral Student, South Kazakhstan Pedagogical University named after U. Zhanibekov
(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: kzzhadyra@gmail.com*²*PhD, Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz***Using Sources From the Publications of The Newspaper “Ak Zhol” in Gender Education**

Abstract. The issue of women's equality, which arose in Kazakh society at the beginning of the 20th century, turned into a large-scale political, cultural, and social campaign initiated by the national intelligentsia from the first years of Soviet power. On the territory of the Turkestan Autonomous Soviet Socialist Republic, this problem has become more acute. The “Ak Zhol” newspaper, published as the Kazakh-language press organ of the central government of the republic, published many articles related to the campaign to establish women's equality in the region. Data analysis of these articles allows the historical development of the issue to be systematically reconstructed. The main goal of the study was the scientific restoration of the history of political and cultural reforms in the Turkestan region related to the equality of women. Scientific reconstruction of the history of the political and cultural reforms on women's equality in the Turkestan region and the history of the issue of women's equality; assessment of the effectiveness of government measures on women's equality, the use of information from articles published on the topic in the newspaper “Ak Zhol” in gender education.

The article analyzes the policy of the Soviet government in the region, aimed at establishing women's equality, as reflected in the articles published in the “Ak Zhol” newspaper. The creativity of domestic intellectuals who raised the problem of women's equality to the level of a national idea in the context of the formation of new social relations is critically evaluated. Women's equality was one of the main social tasks in the modernization of social relations in the Turkestan region. The most effective were the actions of Alash leaders, who raised the gender issue to the level of a national idea, aligning their efforts with Soviet reform measures to advance women's rights.

Keywords: newspaper “Ak Zhol”, gender policy, women's equality, bride price, amengerism, marriage law, gender education.

Ж. Дюсембекова¹, Р. Хазреталикызы²¹*PhD докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: kzzhadyra@gmail.com*²*PhD, старший преподаватель
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: raygul.khazretalikyzy@ayu.edu.kz***Использование источников из публикаций газеты «Ак жол» в гендерном образовании**

Аннотация. Вопрос женского равноправия, возникший в казахском обществе в начале XX века, превратился в масштабную политическую, культурную и социальную кампанию, инициированную национальной интеллигенцией с первых лет советской власти. На территории Туркестанской АССР эта проблема обострилась. Газета «Ак жол», издаваемая как казахскоязычный печатный орган центрального правительства республики, опубликовала множество статей, связанных с кампанией по установлению равенства женщин в регионе. Анализ данных этих статей позволяет широко распространить историю темы. Выдвигаются задачи научной реконструкции истории политической и культурной реформы, проводимой в Туркестанском крае в отношении равенства женщин и истории вопроса

равенства женщин; оценки эффективности проведенных правительственных мер в отношении равенства женщин, использования в гендерном образовании сведений статей, опубликованных в газете «Ақ жол» по теме.

В статье проанализирована политика советской власти в регионе, направленная на установление женского равноправия, опубликованная в газете «Ақ жол». Было оценено творчество отечественных интеллигентов, поднявших проблему равноправия женщин на уровень национальной идеи в контексте становления новых общественных отношений. Равенство женщин было одной из главных социальных задач в модернизации общественных отношений в Туркестанском крае. Наиболее эффективными оказались действия деятелей Алаш, поднявших гендерный вопрос на уровень национальной идеи, в сочетании с советскими реформами.

Ключевые слова: газета «Ақ жол», гендерная политика, равенство женщин, калым, аменгерство, закон о браке, гендерное образование.

Кіріспе

Жаңа Қазақстанның саяси және рухани өмірінде көптеген өзгерістер іске асуда. Әсіресе рухани тұрғыда, ұлттық сана-сезімнің оянуына ықпал жасап жатқан қоғамның өткенге зер салуы, сол өткен тарихынан ақиқатты іздеуі белең алуда. Әсіресе, кеңестік жүйе мен тәрбиені көрген халықтың бүгінгі ұрпақтарының санасында сталиндік террордың нәтижесінде қалыптасқан қорқыныштан арылып, жаңаша ойлауға ұмтылғанын көруге болады. Бүгінгі таңда Отан тарихының ақтаңдақ беттері жан-жақты зерттеліп, объективті сарапталуда. Социалистік құрылысты орнатудағы революциялық ұрандар мен кеңестік идеология тұрғысынан қалыптасқан көзқарастарды қайта қарастыру күн тәртібінде тұрғаны даусыз. Сондай зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі кеңестік Қазақстандағы әйел теңдігі мәселесі еді.

XX ғасырдың соңғы онжылдығы мен XXI ғасырдың басында жаһандық сипатта және жалпы адамзаттың әйелдің қоғамдағы орны мен ролін ұғыну гендерлік саясат түрінде көрініс тапты. Атап айтқанда, әйелдердің өзін-өзі бағалауы, олардың қызметін жандандыру, олардың қоршаған проблемаларға бет бұруы, сол үшін де ұлттық, діни ұйымдарды, шығармашылық, кәсіпкерлік, феминистік одақтарды және көп балалы аналар бірлестіктерін құру тәжірибеге енді. Әйел мен қоғам арасындағы қатынастардан пайда болатын көп деңгейлі және әр түрлі проблемаларға ғылыми қызығушылықтың артуы бұл құбылыстың тарихи алғышарттарын танудан туындайды. Қазақстандық әйелдердің қазіргі заманғы әлеуметтік мәртебесінің қалыптасуына алғышарттар болып табылатын XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы кеңестік модернизациялық процестердегі әйел теңдігі мәселесін сыни тұрғыдан зерттеу және қайта бағалау қажеттігі туындайды.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақаланың зерттеу нысаны – XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланымдарын билік органдарының қабылдаған құқықтық-заңнамалық құжаттарымен салыстыра отырып тарихи және герменевтикалық тәсілдер арқылы талдау. Кеңестік биліктің әлеуметтік реформаларына өзек болған әйел теңдігі мәселесін алаштық зиялылар ұлттық идея ретінде негіздегендігін айқындауда герменевтикалық талдау мен контенттік талдау әдістерінің танымдық мүмкіндіктері пайдаланылды. Сонымен қатар қазіргі заманғы гендерлік білім беруге қатысты шетелдік зерттеулердің әдістемелік ұстанымдары сараланып, оларды қазақстандық тарихи-мәдени контексте қолдану жолдары қарастырылды. «Ақ жол» газетінде ұлттық идея деңгейіне көтерілген әйел теңдігі мәселесіне қатысты

жарияланымдарға талдау жасау және олардың мазмұнын оқу үдерісінде білім контенті ретінде қолдану үшін педагогикалық және тарихи зерттеу әдістері пәнаралық байланыстар тоғысына біріктірілді. Тарихи-салыстырмалы және деректік, мәтіндік талдау тәсілдері арқылы қол жеткен нәтижелер білім контентіне енгізуге дайындалды. Педагогика ғылымының зерттеу тәсілдерін қолдана отырып, педагогикалық эксперимент элементтері қолданылды. Атап айтқанда, білімалушылар мен оқытушылардан сауалнама, сұхбат алынды.

«Ақ жол» газеті материалдарын гендерлік білім беру үдерісінде пайдалану – тарихи деректер арқылы қазіргі заманғы әлеуметтік сана мен гендерлік мәдениетті қалыптастырудың маңызды бөлігі. Аталған дереккөздер XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесінің эволюциясын, ұлттық сана мен қоғамдық пікірдің қалыптасуын айқын көрсетеді. Бүгінгі таңда «Педагогика», «Тарих», «Саясаттану», «Мәдениеттану», «Филология» және «Журналистика» білім беру бағдарламаларының оқу жоспарында кездесетін «Қазақстан тарихы», «Әлеуметтік және саяси ой тарихы», «Гендерлік саясат негіздері», «Қазақ журналистикасының тарихы», «Қазақ публицистикасының тарихы» пәндерінде «Ақ жол» газеті деректерін қолдану маңызды деп білеміз. Осы орайда қазіргі кездегі білім технологияларының қарқынды дамуына байланысты «Ақ жол» газеті деректерін қолдану аясы кеңейіп отыр. Атап айтқанда, газет деректерін білім алушыларға XX ғасыр басындағы дерекпен тікелей жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру мақсатында архивтік материал ретінде, екіншіден еліміздегі гендерлік саясат эволюциясын салыстырмалы тұрғыда зерттеу үшін тарихи-саяси талдау көзі ретінде, үшіншіден, мультимедиялық жоба немесе бейнеэссе түрінде ұсыну үшін бейнематериал және цифрлық ресурс ретінде және төртіншіден, оқу-әдістемелік құрал ретінде – эссе, дебат, пікірсайыс форматтарында қолдануға болады.

Оқыту процесінде студенттердің тарихи деректермен жұмыс істеу дағдыларын, сыни талдау қабілеттерін және гендерлік саясат тарихын түсіну деңгейін арттыру мақсатында дәріс, семинар және БӨЖ түріндегі сабақтарды 2 апталық элективті курс немесе 7 сағаттық арнайы модуль түрінде ұтымды үйлестіру ұсынылады. Курс құрылымын 2 сағат дәріс, 4 сағат семинар және 1 сағаттық БӨЖ сабақтары оқыту мазмұны мен тақырыптық бағыттарына сәйкес жасалады.

Дәріс сабақтары: 1-дәріс (1 сағ.) – «Гендерлік саясат тарихы және «Ақ жол» газеті деректері». Бұл сабақта XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы әйел теңдігі идеялары тарихи контексте қарастырылып, «Ақ жол» газетінде жарияланған материалдар негізінде гендерлік саясаттың қалыптасу үдерісі талданады. 2-дәріс (1 сағ.) – «Сара Есова және әйел эмансипациясы». Дәрістің мақсаты – қазақ әйелдерінің тарих сахнасына шығуын және Сара Есова тұлғасы арқылы әйелдердің теңдік жолындағы күресінің нақты көрінісін көрсету.

Семинар сабақтары: 1-семинар (2 сағ.) – «Әйел теңдігі мақалалары мен қазіргі көзқарастар». Семинар барысында XX ғасыр басындағы әйел теңдігі мәселелерін көтерген мақалалар мен қазіргі гендерлік саясатқа қатысты көзқарастар салыстырылып, студенттер арасында пікірталас ұйымдастырылады. 2-семинар (2 сағ.) – «Неке туралы нұсқа және қазіргі заңнамалық актілер арасындағы сабақтастық». Сабақтың мақсаты – тарихи және қазіргі заңнамалардағы әйелдердің құқықтық мәртебесін салыстыру арқылы гендерлік нормалардың эволюциясын анықтау.

БӨЖ тапсырмасы (1 сағ.) – «Ақ жол» материалдары негізінде гендерлік саясат тарихы бойынша цифрлық дерекбаза әзірлеу» тақырыбындағы өзіндік жұмыс студенттердің тарихи деректерді жүйелеу, талдау және цифрландыру дағдыларын дамытуға бағытталады. «Ақ жол» газетінің жиырма бес томдық жинағы – білім алушылардың өздігінен білім алуындағы ең маңызды дереккөзі ретінде жинақ материалдарын игеру деңгейі білімалушылардың БӨЖ тапсырмаларын дайындауы мен қорғауы барысында айқын байқалады. Бұл үдерісте

оқытушы келесі сұрақтарға назар аударады: білім алушы басылым материалдарын өз жұмысына қалай және қандай мақсатта қолданды? Деректермен жұмыс істеу барысында оның аналитикалық және сыни ойлау қабілеті қалай көрінді? Басылым мәтіндерін талдау мен түсіндіруде қандай жаңа әдіс-тәсілдерді меңгерді? Осы сұрақтарға жауап іздеу арқылы оқытушы білім алушының тарихи дерекпен жұмыс істеу дағдысын, ғылыми ойлау мәдениетін және өздігінен білім алу деңгейін анықтай алады.

Екінші маңызды компонент – жоба қорғау әдісі. Теориялық біліммен қатар практикалық зерттеу және шығармашылық дағдыларын дамытуға бағытталған бұл әдіс білім алушылардың ұжымдық жұмысқа бейімделуін, пікір алмасу мен дәлелді тұжырым жасау қабілеттерін жетілдіруге ықпал етеді. «Ақ жол» газеті материалдарын гендерлік білім беру үдерісінде тиімді пайдалану мақсатында жоба тақырыптарын келесі үш тақырып аясында ұсынуға болады: «Басылымдағы әйел теңдігі мәселесі және оның қоғамдық қабылдануы» – ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамында әйелдің әлеуметтік мәртебесіне қатысты көзқарастарды талдау; «Саяси және қоғамдық өмірдегі әйелдердің рөлі: «Ақ жол» деректері негізінде» – әйелдердің қоғамдық-саяси белсенділігі мен оның ақпараттық дискурста көрініс табуын зерттеу; «Білім мен еңбек саласындағы әйелдердің мүмкіндіктері: гендерлік тұрғыдан талдау» – әйелдердің кәсіби және зияткерлік әлеуетін арттыру мәселелерінің тарихи контекстегі қарастырылуы. Ұсынылған тақырыптар білім алушыларға тарихи деректерді талдау арқылы гендерлік саясаттың дамуын, әйелдердің әлеуметтік мәртебесін және баспасөздің гендерлік көзқарастарды қалыптастырудағы ықпалын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Білім алушылар бұл жобалармен 4-5 апта көлемінде жұмыс жасайды. Осы уақыт аралығында олар зерттеу жоспарын құрып, дерек жинап, талдау жүргізіп, аралық нәтижелерін топ алдында қорғап отырады. Мұндай жұмыс форматы білім алушыларға: ізденіс және аналитикалық ойлау дағдыларын дамытуға; командамен ынтымақтастықта жұмыс істеуге; ғылыми кеңес алу және сын тұрғысынан ойлану мәдениетін меңгеруге; нәтижелерді жүйелі түрде пысықтап, көпшілік алдында қорғауға мүмкіндік береді. Жобаны қорғау кезеңінде студенттердің ғылыми сауаттылығы, деректерді интерпретациялау қабілеті және өз пікірін дәлелді жеткізу дағдылары бағаланады. Нәтижесінде бұл әдіс оқу процесін белсенді зерттеу тәжірибесіне айналдырып, білім алушыларды дербес ойлауға және кәсіби коммуникацияға үйретеді. Жобалық жұмыс барысында студенттер нақты тарихи деректер мен баспасөз материалдарын талдап, өз бетінше қорытынды жасауға, ақпаратты сараптауға және оны ғылыми тұрғыдан ұсынуға үйренеді. Бұл тәсіл әрбір қатысушының дереккөзбен жұмыс істеу шеберлігін арттырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі кездегі гендерлік саясат, гендерлік білім берудің қалыптасуы ұзақ даму жолынан өтті. Осыған байланысты кеңестік билік әлеуметтік реформалары арқылы дәстүрлі гендерлік құндылықтарға айтарлықтай реформалық өзгерістер жасады. ХХ ғасыр басында «әйел теңдігі» деген атаумен саяси сипат алған құбылыстың тарихи деректері мол. Солардың бірі «Ақ жол» газетіндегі әйел теңдігіне қатысты жарияланымдар. Бүгінгі күні гендерлік білім беру мазмұнында осы деректерді пайдаланудың танымдық маңызы зор деп білеміз.

Гендерлік білім беруге қатысты шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасау арқылы тақырыбымыздың бағдарына айқындық бере аламыз. Айталық, Швецияның білім беру саясатына және білім беру зерттеулеріне шолу жасағанда еңбек нарығының ой-пікірлерін ескеру барысында білім беру жүйесі арқылы қоғамдық ой-пікірді теңестіру және оны тиімді етудің жолдары қарастырылғандығын [1] көреміз. Сол сияқты Мэри Карлсон мен Туба Кансидің зерттеуінде Түркия мен Швецияның білім беру жүйесіндегі жыныстық және

ұлтшылдандырылған азаматтың қалыптасуы талданған. Бұл зерттеулерде азаматтың болмысы азаматтық белгілермен қатар этномәдени белгілермен анықталады және жынысына қарай сараланады. Түркия жағдайында метанарратив қорғаныс объектісі ретінде еркек пен әйелге қатысты сыртқы жау және одан қорғану төңірегінде құрылады. Осылайша, гендерлік билік ұлтшылдықты қалыпқа келтіру процестерінің маңызды бөлігіне айналады. Ал Швецияда ұлтшылдық әлеуметтік мемлекет, ең жақсы демократиялық елдердің біріне қол жеткізген «гендерлік табыс» тарихы болып саналатын «швед ғажайыптары» төңірегінде тұжырымдалған. Екі жағдайда да біз еуропалану процестеріне сәйкес келетін соны тұжырымдарға тап боламыз [2].

Гендерлік білім берудегі Германия жоғары оқу орындарының тәжірибесіне назар аударуға болады. Онда гендерлік теңдікке қатысты жаһандық қысымның жиырма бірінші ғасырдағы дискурсына қарай үш жоғары білім бағдарламасы қалыптастырылған. Неміс теңдігінің жақтаушылары рычаг ретінде «халықаралық стандарттарға сәйкестікті» пайдаланады, университеттер арасындағы өзін-өзі басқару нормаларына сүйенеді, өзгерістерді бағыттайтын тетіктер ретінде ресми гендерлік саясатты пайдаланды және өзара араласуды заңдастыру үшін бәсекелестік тудырады.

Неміс университеттеріндегі әйелдердің мәртебесін жақсартуға бағытталған нақты қадамдар ұлттық қаржыландыру агенттігі мен гендерлік теңдік жөніндегі жергілікті шенеуніктерді негізгі ойыншылар ретінде жұмылдырады және гендерлік теңдікке ұйымдық міндеттеменің көрінісі ретінде отбасындағы достық қарым-қатынасқа баса назар аударады [3].

Қазақстанда гендерлік саясатқа қатысты зерттеулердің аз болуының бір мысалын «әлемдегі ғылыми журналдардың ең ірі базаларының бірі SCOPUS-қа кіріп, gender кілт сөзін жазсақ, осы тақырыпта 293 959 еңбек жарияланғанын көреміз. Соның 81-інде ғана Қазақстандағы гендерлік мәселелер көтерілгендігін» [4] аңғаруға болады. «Қазақстанда гендерлік зерттеулерінің өте аз болуына бірден-бір себеп – еліміздегі университеттерде гендерлік зерттеуге бағытталған магистратура және докторантура бағдарламаларының жоғы. Өткен ғасырдың 60-жылдарының аяғында Еуропа және АҚШ университеттерінде курс ретінде оқытыла бастаған Гендерлік зерттеу бағдарламалары Еуропада 80-жылдары, ал АҚШ-та 90-жылдарда магистратура және докторантура бағдарламаларына ұласты. Бұл бағдарламалар аясында қазір әлемнің көптеген елінде қалыптасып, гендер мәселелері жөнінде пәнаралық зерттеулер жасалып жатыр» [4, 7-б.] деген тұжырым бұл бағыттағы зерттеулердің қолға алына бастағандығын танытады.

Тақырыптың талқылануына қатысты бірқатар мақалаларға тоқталсақ болады. «Ақ жол» газетіндегі жарияланымдарды қазақ журналистикасының жекелеген жанрларын қалыптастыруға жасаған ықпалын ажыратумен бірге оларды мәтіндік-тілдік тұрғыда талдауда әйел теңдігі тақырыбындағы материалдардың маңыздылығын да жіктеуге болады. «Көркем мәтіннің гендерлік аспектідегі тілдік-мәдени ерекшеліктерін тану арқылы тіл мен әдебиетке ортақ кешенді теориялық материалдардың қолданысын бағамдауға» [5] болатындығын ескерер болсақ, М. Әуезовтың көсемсөздік мақалаларын, М. Жұмабаевтың лирикалық өлеңдерін практикалық сабақтар барысында білім алушылардың талдауына ұсынуға болады.

Ж.А. Ағабекова мен А.С. Салимжанованың зерттеуі гендерлік перспективаларды лингвистикалық білімге интеграциялау туралы кеңірек дискурсқа үлес қосуға бағытталған. Еліміздегі «Жоғары білім берудің бірыңғай платформасы» электронды мәліметтер базасын талдау және университеттердің ресми веб-парақшаларында қолжетімді курстар каталогтарына талдау жасаған авторлар гендерлік лингвистикалық шеңберді қарастыратын курстарды анықтау үшін «гендерлік және лингвистика» және «гендерлік және тіл» пәндері

бойынша академиялық курстарға/бағдарламаларға назар аударған [6]. Біздің зерттеуіміз Қазақстан тарихы курстарының жекелеген тақырыптарында гендерлік саясат тарихын оқытудың мазмұнын деректік негізде жаңалауды мақсат етеді.

Қоғамда әйелдің өз өмірін қалыптастыруының бағыттарын Б.Н. Қылышбаева бес стратегиялық бағытқа топтастырады. «Атап айтқанда, бірінші кезекте тұрмысқа шығып, балалы болған әйел, алдымен баланың күтіміне ден қойып, баласын есейтіп алған соң, мансап құруына мүмкіндік алады. Келесі стратегиялық бағыт бойынша алдымен мансап құрып, содан кейін ғана бала тәрбиесімен айналысу соңғы кездері жиі кездесетін құбылысқа айналды. Үшінші стратегия бойынша әйел адамның жеке-дара тұлға ретінде қалыптасып, дамуының орнына, бірыңғай бала күтімімен болып, отбасылық құндылықтарды бірінші орынға қояды. Төртінші стратегиялық бағыт бойынша, отбасы мен мансапты қатар алып жүру үшін екі жақты да тең ұстап, үйлестіре алатын жағдай жасау. Соңғы стратегияда әйел адам тек ғана мансапты қуып, тұрмыс құрудан саналы түрде бас тартады [7]. Демек, қоғамда гендерлік тепе-теңдікті сақтау үшін ең алдымен білім беретін оқу орындарындағы қыз балалардың білім алуына қатысты қатып қалған таптаурындар мен қағидалардан бас тарту қажет.

Гендерлік білім берудің басты мақсаты бойына мәдени құндылықтарды жинаған, өзі үшін де, қоғам үшін де қызмет атқара алатын, жеке тұлға ретінде қалыптасқан, өзінің принциптеріне адал, ойын еркін, ашық айта алатын тұлғаны тәрбиелеп шығару болмақ. Осы мақсаттың орындалуы үшін, негізінен ғылыми, білім берушілік, саяси және әлеуметтендіру сынды міндеттер іске асырылады. Осы орайда, басты назар аударатын жағдай гендерлік білім беруді жолға қоюдың нәтижесінде қыз балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы және өз ортасында өзін-өзі көрсете алуы керек деген тұжырым туындайды.

Еліміздегі гендерлік білім беру жүйесінде нормативтік-құқықтық актілердің маңызы зор. Гендерлік белгі бойынша дискриминация жасаудың алдын алу, қоғамның әртүрлі салаларында әйел құқықтарын қорғау, ер мен әйелге теңдей мүмкіндіктер құруға бағытталған заңдар қабылданды. Қазақстанда 1998 жылдан бастап Әйелдерді дискриминациялаудың кез-келген түріне заң жүзінде тиым салынды. 2000-2010 жж. аралығында Отбасы және неке қатынастары мен бала тәрбиесінде заң жүзінде гендерлік теңдік пен әйел және балаларды қорғауға қатысты онға жуық заң қабылданып, сол заңдардың шеңберінде әйел және бала құқығын қорғау мақсатында елімізде әртүрлі ұйымдар, қауымдастықтар мен одақтар құрыла бастады [8]. 2020 жылдардан бастап елімізде гендерлік теңдік мәселесі оқу-ағарту, білім саласында гендерлік теңдікті орнықтырып, жыныстық белгі бойынша дискриминацияны жоюға бағытталған арнайы тренингтер, семинарлар өткізіп, қоғамда гендерлік саясаттың дұрыс жүзеге асуына ықпал ете бастады.

Білім беру саласында гендерлік теңдік ұғымын кеңінен тарқатар болсақ, теңдік мәселесі қыз бен ұлдың, әйел мен ердің арасындағы өзара қарым-қатынасы мен еңбекте өзара жыныстық тұрғыда бөлінуі. Гендерлік мәселе жынысқа қатысты қарастырылмайды, ол тікелей теңдік принципін жүзеге асыруға бағытталған. Теңдік принципін тарқатар болсақ, ол қоғамдағы әлеуметтік біркелкілікті, яғни ер мен әйелдің теңдігі, белгілі бір әлеуметтік жағдайларда бай мен кедейдің теңдігі, нәсілдік теңдік және т.б. да теңдік құрылымына бойлап кете береді [9]. Міне, осы мәселелер бізді еліміздегі гендерлік білім берудің тарихына, оның деректеріне талдау жасауға итермелейді.

Әйел теңдігі мәселесі 1917 ж. қазан төңкерісіне дейін ұлт зиялылары тарапынан ұлттық баспасөз беттерінде қызу пікірталас тудырып, талқылана бастады. «Ер мен әйелдің теңдігі», «қалыңмал төлеу», қыздарды сату, жап жас қыздарды өзінен бірнеше жас үлкен шалдарға екінші, үшінші әйел ретінде тоқалдыққа ұзату сынды келеңсіз әрекеттердің әбден белең алған шағы еді. Кеңестік үкіметтің құрылуымен қатар, елдегі сауатсыздықты жою, жаппай

сауаттандыру іске аса бастады. Осы тұста, тек ер балаларды ғана емес, сонымен қатар қыздарды да оқыту, білім беру, надандықтың құрсауынан шығып білім алу мәселесі көтерілген болатын. Қазақ даласында ақырындап үстемдік құра бастаған большевиктер ер кісінің алдын кесіп өтпейтін дүниетаныммен өсіп жетілген қазақ әйелі мен қыздарына еркектермен тең екендігін, олардың да білім алуға, оқуға, сайлауға қатысуға құқы бар екендігін танытуға тырысты. Адамға сайлау құқығын беру деген сөз оған өз еркін, өз ойын айтуға, өз таңдауын жасауға мүмкіндік беру дегенді білдіретіні белгілі. Осы орайда, тең құқық беру арқылы кеңестік билік қазақ әйелін жарыққа шығаруды ғана көздемеді. Керісінше кеңестік билікке Ресей империясынан мұрагерлікке қалған алып империяның құрамына енген халықтарды одан әрі отарлау және уысынан шығармау үшін олардың ұлттық құндылықтарын таптық құндылықтармен өзгертуді көздеді.

Кеңестік жүйенің алғашқы кезеңіндегі қазақ қоғамындағы әйел тақырыбы ең артта қалған, талқылауға келмейтін дәрежеде еді. Әйел азаматтардың жеке бастарының құқықтары мен бостандықтары өз қолдарында емес болатын, тіптен өмірінің өзі ата-анасының ырықанда болып, кімнің етегінен ұстайсың десе соған ілесіп жүре беретін, ата-анаға қарсылық келтіре алмайтын. Ал большевиктер билігінің толық орнағанын көрсеткен 1918 жылғы 10 шілдеде қабылданған КСРО-ның алғашқы Конституциясында КСРО-да әйелдерге еркектерге берілгендей барлық шаруашылық, мемлекеттік, мәдени, қоғамдық және саяси өмірде тең құқық берілуі [10] қазақ әйелдеріне бостандық берумен пара-пар саналды.

Қаншама жылдар бойына көшпелі шаруашылық өмір салтын ұстанған қазақ халқы XX ғасырдың басында саяси-әлеуметтік реформалар барысында дәстүрлі құндылықтарын апатты жолмен қазіргі заманғы талаптарға сай трансформациялауды қолға алды. Күнделікті тұрмыс тіршілікте, шаруашылықта ер-азаматтардың күші мен жауапкершілігі жоғары болған дәстүрлі қоғамда патриархалдық ұстанымдардың басым болғаны рас. Осы бір даланың жазылмаған заңына айналған ер кісілердің әйелдерден жоғары тұруы, әйелдердің жеке меншікке құқының болмауы, басыбайлы өмірі, тағдыры еркекке байланғаны белгілі. Тек үйдегі балалардың анасының ғана емес, сонымен қатар, қыздарының да бар өмірі мен тағдыры үйдің қожайынына тиесілі болды. Бәлкім осыдан болар қыз балаға қашанда тауар секілді қарау қазақ жерінде кеңінен етек алған еді.

Отбасында, қоғамда қатты қысымда ұсталып келген, өз еркі мен құқығын үйі мен бала-шағасынан, отбасы-ошақ қасынан басқа өмірді көрмеген қазақ әйелі үшін, бір күнде басынан орамалын шешіп, қолына кітап пен қалам ұстап шығу мүмкін емес еді. Осы орайда, кеңестік биліктің реформаларымен әйелдерге жан-жақты қолдау көрсету, олардың оқуына, көзін ашып сауатын арттыруға бар мүмкіндік қарастырылды. Сол кездегі әйелдің сауатын ашатын, оқуға жетелейтін бірден бір құрал болса, онда ол құрал – газет еді. Қазақ әйелінің теңдігін насихаттауда танымалдыққа ие бола бастаған газет-журналдарды пайдалану аса маңызды болды. Ахмет Байтұрсынов айтқандай «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» бола білген газеттер мен журналдарда 1920–1925 жылдар аралығында әйел теңдігі туралы мақалалар жарияламаған баспасөз жоқ еді. 1917 жылғы саяси сілкіністерге дейін «Айқап» журналынан бастап, «Қазақ», «Бірлік туы», кеңестік кезеңдегі «Ақ жол» газеттері мен жергілікті жерлерде жарық көрген барлық мерзімді басылымдардың басты тақырыптарының бірі – әйел теңдігі еді. «Әйел теңдігі» мәселесі қазақ баспасөздерінде кеңінен көтерілуі арқылы жалпы қоғамға тез әсер ететін құрал болды. Әсіресе, елдегі хабарлар мен жаңалықтарды тез тарататын «Қазақ», «Айқап», «Дала уәлаяты газеті», «Бірлік туы» және «Ақ жол» сынды баспасөз құралдарының сол кезеңдегі ұлтты ояту, болашақтың жарқын көрінісі ретінде көзі ашық, көкірегі ояу қоғам қалыптастыру үшін жасаған қызметтері ұшан-теңіз.

1920–1930 жылдары газет оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналған

«Қазақ» газетінің шекпенінен шыққан [11] ұлтшыл газет-журналдардың қатарында «Ақ жол» газеті де бар болатын.

«Ақ жол» газеті 1920 жылдың 7 желтоқсанынан 1926 жыл аралығында Түркістан республикасының орталық басқарма комитетінің атынан Ташкентте аптасына үш реттен үздіксіз шығып тұрды. Тек 1925 жылғы 19 маусымдағы 577-санынан бастап Сырдария облыстық атқару және партия комитетінің атынан Шымкент қаласында шығып тұрған [12].

XX ғасырдың алғашқы жартысында қоғамда белең алған саяси-экономикалық, шарушылық, ескі әдет-ғұрыптан арылу, тіл мәселесі, ғылым мен білім, мәдениет, әдебиет пен өнер және жер-су реформаларына қатысты барлық мәселелер мен жаңалықтарды қамти білген «Ақ жол» газетіндегі көп жазылған, көп оқылған өзекті тақырып - әйел теңдігі туралы мақалалар болды.

1920 жылдың 28 қаңтарында Қазақ автономиялы республикасы ОАК-нің қабылдаған қаулысына сәйкес қалың малға, әменгерлікке, көп әйел алушылыққа тиым салу туралы декреті қазақ даласындағы әйелдерінің өмірін басқа арнаға бұрды. Бұл туралы «Ақ жол» газетінде жарияланған мақаласында Міржақып Дулатов былай дейді: «Бұл күнге дейін күндікте, зорлық-зомбылықта өмірі өткен қазақ-қырғыз әйелдерін жарыққа шығаратын қалыңмал мәселесінің һәм әйелдер күндігін туғызатын көп қатын алу дегендердің бітіріліп, осы күннен тұрмысымызға кірсін деген... қаулы Түркістандағы жалпы қазақ-қырғыз кедейлері өкілдерінің құлдықтағы, күндіктегі апа-қарындастарын жарыққа шығару үшін бірінші жол көрсеткіш боларлық қаулысы» дей келе қаншама кедей хұқы, еңбекшілер теңдігі десек те бұл мәселеге қараушы болмай, әйелді пайдалану, ойнап күлу үшін жаратылған жанды қуыршақ ретінде қарау арамыздан жоғалтылмады деп күйінеді [13]. Әйел теңдігі мәселесіне ерте қалам тартқан Міржақып Дулатұлы болатын.

Осы тұста жер-жерде әйел теңдігі мен бостандықтарын насихаттаған, білім алу, надандықтан құтылып, сауат ашу қажеттігін жаппай түсіндіруге тырысқан, елдің көзін ашуға тырысқан әдеби шығармалар жарыққа шыға бастады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» және т.б. романдары мен повестері елдің арасына тез тарады. Бұдан бөлек әйел теңдігі, қыз арманы төңірегінде қаншама өлеңдер мен поэмалар жарық көрді. Бұның барлығы қараңғылықта қалып қойған қазақ халқының, оның ішінде қазақ әйелінің көзін ашу еді.

Алғаш рет 1920 жылы 22 желтоқсандағы «Ақ жол» газетінің №5 санында алғаш рет әйел теңдігі туралы кішігірім хабарлар жариялана бастады. Дегенмен 1921 жылдың 19 қаңтарында жарыққа шыққан №16 санынан бастап, «Әйел теңдігі» деген айрықша бөлім ашылады да мәселеге қатысты мақалалар үзбей берілетін болады.

1921 жылдың 28-29 қаңтары күндері Ташкент қаласында Әйелдер және қырғыз кедейлерін ұйымдастыру мәселесі бойынша өлкелік Бірінші қазақ съезі болып өтті. Осы съезде Сұлтанбек Қожанов әйелдер мәселесіне қатысты баяндама жасап, алғаш рет қазақ қоғамында әйел теңдігін орнатудың өзіндік бір концепциясын ұсынды. Баяндамада ең алдымен көп әйел алушылық әйелдердің адамдық қадір-қасиетін төмендететін құбылыс ретінде жою, бай-манаптардың әйелдерді өздерінің басты қажеттіліктерін қанағаттандыратын зат ретінде сатып алуын тоқтату, ол үшін қалыңдыққа төленетін қалыңмал бағасын жою, кәмелеттік жасқа толмағандардың ерте жастан некеге тұруына тыйым салу, әйелдерді барлық оқу орындарына ерлермен тең дәрежеде бірге оқуға қабылдау, мүмкіндігінше әйелдерді кеңес жұмысының барлық түрлеріне тарту және соңғысы әке, күйеу және балалар қайтыс болғаннан кейін қалған мүлікті иелену және мүлікті бөлуге қатысу құқығы берілу арқылы әйелдер мен ерлердің құқықтарының толық теңдігін орнату қажеттігін атап өтеді. Сонымен қатар, С. Қожанов көтерген келесі мәселе – ол күндікте жүрген әйелдер туралы еді. 1916-1917 жылдары елдегі ашаршылық кезінде

қазақ әйелдерінің басым бөлігі бір тілім нан үшін күндікке сатылып, ол әйелдер қаншама уақыт бойына құлдықтың езгісінде болғандықтан, оларды шұғыл түрде құлдықтан босатып, оларға материалдық көмек көрсетілуі керек деп баяндайды.

С. Қожановтың баяндамасы негізінде мынадай шешімдер қабылданды:

- 1) Қалың мал алуды және қалыңмал төлеуді жою;
- 2) Көп әйел алуға тыйым салу;
- 3) Кәмелеттік жасқа толмаған жастардың некеге тұруына тыйым салу;
- 4) Қазақ әйелдерінің барлық оқу орындарында ерлермен тең дәрежеде оқуына рұқсат

ету;

5) Қазақ әйелін еркекпен бірдей меншік құқығында теңестіру, атап айтқанда, күйеуі қайтыс болғаннан кейін артында қалған мүлікті бөлу кезінде анасының ұлдарымен бірдей қатысуы белгіленсін; Егер балалары болмаған жағдайда күйеуінің мүлкі толығымен әйеліне өтуі керек;

6) Қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласында қырғыз (қазақ) әйеліне ер адам сияқты қатысу құқығын қамтамасыз ету, әйелдерді кеңестік құрылыс жұмыстарына тартуға тырысу;

7) 1916-1917 жылдардағы оқиға кезінде аштықтан құтылу үшін сатылып кеткен қырғыз (қазақ) әйелдері құлдықтан тез арада босатылсын және барлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылданын;

8) Түркістан Республикасының жоғарғы басшы органдарына осы қаулыға сәйкес тиісті қаулылар шығарып, съездің жоғарыда айтылған қаулыларын тез арада орындауды міндеттесін [14]. Съездің бұл шешімдері кейінгі кезде үкіметтік деңгейде қабылданған құқықтық-заңнамалық құжаттарға негіз қалады.

Қазақ қоғамында шарияғат бойынша неке қиып, тұрмыс құру салты кеңестік биліктің орнауымен заң жүзінде некелесу мүмкіндігін берді. 1917 жылы 18 желтоқсанда Бүкілресейлік ОАК мен РСФСР ХКК қабылдаған «Азаматтық неке, балалар туралы және азаматтық жағдайды актілеу кітабын енгізу жайлы» декретінен кейін қазақ қоғамында неке қатынастарымен қатар, әйел теңдігіне қатысты жаңаша көзқарас қалыптаса бастады. Яғни неке қию үшін күйеудің жасы 18-ден, қыздың жасы 16-дан кем болмауы, неке қиып қосылушылардың ақылы сау болуы қажеттігін, әйелді ықтиярсыз алып қашу, некеге көндіру үшін зорлау сот шешімімен жазаланатындығын, жесірдің өлген байының ағайындарынан басқа біреудің адамына тисе де ықтияры бар екендігін және неке қиып қосылған кісілер некесін бұзып айырылуға болатындығын [15] заң жүзінде шегелеп берген болатын. Осыған сәйкес заңдар Түркістанда да қабылданып, қолданысқа енгізілді.

Жалпы алғанда «Ақ жол» газетінің 33 санында 105 мәрте әйел теңдігі мәселесі көтерілген. Газетте жарияланған «Әйел теңдігі» жөніндегі мақалаларға талдау жасай отырып, сол кезеңдегі әйелдердің қазақ қоғамындағы орнына баға бере аламыз. «Ақ жол» газетіне мақала жариялаған авторлардың басым бөлігі қазақ әйелдерінің теңдік алуын, оқып білім алуын насихаттаған мақалалармен қатар, әйелдердің күштерімен олардың әлеуетін пайдалануды ұсынған болжамды мақалалар да кездесетін. Әсіресе қазақ әйелдерінің тез оянып, етек-жеңін жинап, ерлермен қатар бір сапта жұмыс жасауын қолдаған сол кезеңдерде Қызылорда қаласынан жарыққа шығып тұрған «Әйел теңдігі» журналының редакторы Сара Есованың «Ақ жол» газетіне берген мақалаларында көп көрініс тапқан. Сара Есова қазақ қыздарының оқып, білім алмауының себебінен әлі өлі, қозғалудан, оянудан дерек жоқ, әйелді оқыту әдеті де жоқ деп сөгеді [13, 297–300-бб.]. «...қазақ әйелдері татар, орыс жолдастардың әйелдеріндей әуелден оқыған, өнер–білімнен хабардар болған емес. Қазақ әйелі надан, өнер–білімнен алшақ, оның үстіне түрлі көшпелі елдерде, бытыраңқы тұрмыста, істі тез бастау қиын, сондықтан сол араның қараңғы әйелдері арасында ең әуелі әйелдер бөлімі оқу–өнерменен істі бастап, қазақтың өзінің тұрмыс әдетін білген адамдарды даярлап, әзірлеп,

қараңғы елдерге шығарылса, сол жолмен істі оңайлату мүмкін» [16] деп қазақ әйелдерінің болашағынан үміт күте жазады.

«Ақ жол» газетінде ұлт зиялылары қазақ қоғамындағы әйел теңдігі мәселесін кең ауқымда көтерді. Басылым беттерінде көтерілген тақырыптарды мазмұны мен бағытына қарай бірнеше топқа бөлуге болады: біріншіден, саяси-құқықтық бағыттағы мақалалар. Бұл топқа әйелдердің қоғамдағы құқықтық мәртебесін заңдық тұрғыдан талдаған материалдар кіреді. Мысалы, «Қазақстан Хүкіметінің неке туралы шығарған нұсқасы» мен «Түркістан қазақ-қырғыз еңбекшілерінің тұңғыш съезі» сияқты жарияланымдарда әйелдің неке мен отбасы саласындағы тең құқығы, заң алдындағы мәртебесі және мемлекеттік саясаттағы орны нақты айтылды. Екіншіден, әлеуметтік және қоғамдық белсенділік бағыты. Мұнда әйелдердің қоғамдық-саяси өмірге араласуы, жаңа қоғамдағы белсенді тұлға ретінде қалыптасуы жөнінде жазылған мақалалар топтастырылған. Атап айтқанда, Сара Есованың «Қазақстанда әйелдер ісі» және «Әйел бостандығы» сияқты еңбектері әйелдердің әлеуметтік эмансипациясын насихаттап, қоғамды жаңғыртудың маңызды бөлігі ретінде қарастырды. Үшіншіден, әлеуметтік-тұрмыстық және ағартушылық бағыттағы мақалалар. Бұл топтағы жарияланымдарда әйелдің тұрмыстағы орны, отбасы тәрбиесі, ұлттық сана мен дәстүр арасындағы үйлесім мәселелері қозғалды. Газеттің I-IV томдарындағы материалдарда қазақ әйелінің жаңа қоғамдағы мәдени және рухани келбеті кеңінен сипатталды.

Қазақ қыздарының сол кездегі хәлі жайында келесі мақаласында «Кеңестік биліктің орнауы мен шаруашылықты түзетудің бірден бір жолы әйелге теңдік беру, құлдан құл туады, еркін кісіден еркін бала туады. Әйелдеріңізді осылай тұтсаңыздар, одан туған балада құл болмақшы» деп [16, 330-б.] қынжылады.

Әйел мен ерді теңестіру арқылы оларға экономикалық, қаржылық теңдік әперуді көздеген большевиктердің көсемдерінің бастамаларында, әйелдердің бойынан жұмыс күшінің әлеуетін байқағанын көреміз. Ер мен әйелді теңестіре отырып, әйелдерге қара жұмыстарды жасауға, зауыт, фабрикаларда жұмыс жасауына мол мүмкіндік берген. Бұлайша ер мен әйелді тең көрудің алғашқы жетістіктерін ұлы отан соғысы тұсында және соғыстан кейінгі жылдарда әйелдердің алып өндіруші күшке айналғанынан көруге болады. Демек, кеңестік идеологияның басты мақсаттарының бірі әйелдерге теңдік беру арқылы олардың физикалық күші мен менталдық мүмкіндіктерін пайдалануға ұмтылғанынан көреміз. Міне, осы орайда «Ақ жол» газетіне жарияланған мақалалардың ішінде «...біз қазақ-қырғыз әйелдерін осы күннен үйіңнен шық, сыртқы жұмыстарға аралас, күйеуің орақ орып, кетпен шапса, сен де сол қатарда қайратынды көрсет. Еркек жолдастар кеңестің әрбір кеңселерінде болса, сен өз құқығыңды алу үшін барлық кеңселерге қызмет ет» [17] деп қазақ әйелдеріне жұмысқа, шаруашылыққа араласуға үндеген, насихаттаған мақалалар кездеседі.

«Ақ жол» газетінде көтерілген келесі «қалыңмал» тақырыбына орай жазылған мақалалар жеткілікті. Айта кетерлігі, 1929-1930 жылдардағы қазақ байларын кәмпескелеу науқаны басталмай тұрып, ең алдымен бай мен кедейдің арасында үлкен өшпенділік туғызу саясаты жүргізілгендігін атап өтсек болады. Қолында малы бар байлар, қалыңмалын төлеп, әйелдің үстіне әйел алып, төсек жаңартып отырарлықтай қолы ұзын болған. Ал өз кезегінде қос-қостан қатын алмақ тұрмақ бір қатынға зар болған кедей мен жатақтардың ішінде бір қыжылы бар екендігі анық еді. Бұл әрине, дәстүрлі қоғамда тап тартысын өршіту мәселенің бір қыры ғана.

Елге билігін орната бастаған кеңестік билікті жақтаушы большевиктер қазақ әйеліне еркіндік, теңдік әперу ғана емес, сонымен қатар, байлардың көп әйел алуы мен әменгерлік және соның бәрін жасауға мүмкіндік беретін қалыңмал дәстүрін жоюды мақсат еткені анық. Әйелдерге бостандық әперу, оларды ермен теңестіру қалыңмалға тоқтау салмай мүмкін емес деп білген және «бұл күнге шейін қазақ әйелдерінің ағаруына бөгет болып келген нәрсе,

«Қалыңмал» бәлесі, қалыңмал құрыса ғана қазақ әйелдеріне азаттық, теңдік күні туады деп сенген.

Түркістандағы миллиондаған қазақ-қырғыз әйелдерінің діңкесіне тиіп, олардың қорлықта, күншілікте жасауына себепші болып келген нәрсенің біреуі «қалыңмал» мәселесі, қыздан қалыңмал алу, оны мал орынына өзі тілемеген, көзі көрмеген біреуге сатып жіберу, қазақ-қырғыздың ескі әдет-ғұрыптарының ең жаманы һәм әйел күндігінің бірінші себепшісі. Социализм негізіне құрылған Түркістан Республикасында кедейлерді езіп-жаншу, оларға азаттық түрін көрсетпей келген нәрселердің көбі бітірілседе, «қалыңмал» мәселесі осы күнге дейін арамыздан жойыла алмады. Былайда, өзгеріс исі мұрнынына бармаған кедей қазақ-қырғыз әйелдерін осы «қалыңмал» мәселесі әбден тұншықтырып, азаттыққа шығуына жол бермеді [18].

Осы жердегі ойымызға тұздық болу үшін, «Ақ жол» газетіндегі мына мақаланың үзіндісіне тоқталуды жөн көрдік. «Қазақ әйелді мал есебінде көруінде шек жоқ... «пәленшенің баласы жоқ, қу бас дейді» [18, 107-б.]. Бұдан ұғарымыз дәстүрлі қазақ қоғамында ертеден келген дәстүр аясында ұл баланы қыздан жоғары қою, қызға қарағанда ұлдан үміт күту ертеректе қалыптасып қойғандығы.

1921 жылы 20-30 ақпанда Әулиеатада өткен Түркістан қазақ-қырғыз еңбекшілерінің тұңғыш съезінде сөйлеген сөзінде Сұлтанбек Қожанов қалыңмалдың қайдан шыққанына тоқталады. «Қазақ-қырғыз халқында «Қалыңмал» деген нәрсе қайдан келіп шыққан. Мен өзімше мұны былай деп, ойлаймын: «Бойдақ жігіттің де, қыздың да бір-біріне қосылмай тұрып, үйі бар деп айтуға болмайды. Қашан бұл екеуі қосылғанда ғана «үйленді» деп айтамыз. Әке мен шеше баласын үйлі қылуға міндетті. Қыздың әкесі күйеуге мынадай шарттар қойған: менің қызымды алудан бұрын, үй ішіне керекті нәрселерін даярлап бересің, сонда ғана мен қызымды беремін. Мінеки, осыдан келіп «Қалыңмал» туған [19].

Қалыңмалмен күресудің барлық түрін қолданған кеңестік биліктің жетістікке жетпеуі мүмкін емес еді. Сол кезде Бөкей губерниясында (барлығы деп айтарлық) қазақ халқының көбі оқыған, пікірі ашық. Бөкейге кеңес үкіметі орнағалы үш жылдан артық. Сонан бері әйелдер бөлімі ашылып іске кірісе қоймаса да, кеңес хукіметі орнағаннан-ақ қазақ әйелдерінің тұрмысын ауырлықтан құтылдыру үшін «қалың мал» һәм «көп қатын алуды» бітіру туралы бұйрықтар шығарылып тұрмысқа кіргізілген. Екі жылдан бері енді Бөкейде қыздан қалың мал алу жоқ. Міне, бұл жақтан қарағанда Бөкей губерниясы Қазақстанның басқа жерлеріне һәм әлі де болса әйел теңдігі жүзеге шыға алмай жүрген Түркістан Республикасына өрнек бола алады [20] деген насихаттық мақалалар да жарық көрген.

Алайда «қалыңмалсыз қыз болса да, жасаусыз қыз болмас» деп ұзатып отырған қызына кішігірім болсын жасау дайындау кеңестік қызыл империяның тұсында да тоқтау көрмегендігі белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде әйел мен ерді теңестіру мақсатында тиым салынып, өмір салтынан алынып тасталған қалыңдықтың артынан берілетін жасау уақыт өте келе жаңаша трансформацияланған түрде бұл күнде қолданыста жүр.

Өткеннен сабақ ала отырып, болашақты бағдарлау бүгінгі күнде маңызды болып отыр. Саналы, рухты ұрпақ тәрбиелеу үшін, ұрпақтар сабақтастығын дұрыс жолға қою үшін ең алдымен тарихи тізбекке жалғану керек. Жетпіс жылдық кеңестік қызыл империяның құрсауында өмір сүрген қазақ халқы өз тарихи тізбегінен ажырап, бір сәтке өзге сұрлеуге қадам басуына тура келген.

Бүгінгі таңдағы қазақ қоғамындағы әйелдерді тең көрмеу, әйел затын төмендету, әйелге артық құқық бермеу немесе әйелдің құқықтары мен жеке шекарасын шектеу мәселесінің тамыры тереңде жатыр. Әйел затын еркекпен тең көру, әйелдің өзін кез-келген ортада, қоғамдық жерлерде, үйде де, түзде де өз құқықтары мен теңдіктерін сақтай отырып өмір сүре

алуы ұлттық идеологияда басты орынға қойылуы қажет. Себебі, өзгелермен сау қарым-қатынас орната алатын, психикасы сау әйелден, анадан, қыздан дені сау, ойы сау ұрпақ дүниеге келмек. Алайда әйелді төмен етекте деп санап, ер адамның көңелкесінен шықпаған, тек ұл-қызды дүниеге әкелетін екінші сорттағы адам ретінде қарап, тіпті әйелдің жеке-дара адам екендігін, оның тұлғалық бейнесін жоққа шығару немесе аяққа таптау көп жағдайда надан қоғамда іске асатыны белгілі. Осы орайда, дәстүрлі принциптерді сақтауға тырысатын қоғамда орын алып жатқан көптеген надандық іс-әрекеттердің басым бөлігі осы әйел құқын шектеуден орын алғандығын алға тартсақ болады. Сондықтан да өткен ғасырдың алғашқы ширегінде әйел теңдігін ұлттық идея деңгейінде көтерген ұлт зиялыларының үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесінде қаншама қазақ қара көздері оқып, білім алып, көкжиегін кеңейте алды. Біздің ойымызша, бір ғасыр бұрын «Ақ жол» газетінде көтерілген әйел теңдігін орнықтыру идеясы қазіргі кезде мемлекет тарапынан гендерлік саясат негізінде жалғасын тауып келеді деп білеміз.

Қорытынды

XX ғасыр басында көтерілген әлеуметтік идеялар қазіргі заманғы қалыптасқан талаптарға сай және ғаламдастыру жағдайындағы мүмкін мәнді сын-қатерлерді ескере отырып, қайта жаңғыруда. Осыған орай, мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Атырау қаласында өткен Үшінші Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде дәстүрлі отбасылық құндылықтарды орнықтыру қажеттілігіне баса мән берді. Әсіресе, «ислам қағидаларын өрескел бұрмалап, қатып қалған догма ретінде қабылдайтын отбасылардағы әйелдерді кемсіту, тіпті қорлау фактілеріне ерекше назар аударған жөн» дей келіп, «Елімізде қыз алып қашуды, көп әйел алуды ұлттық дәстүр санап, ел ішінде дәріптегісі келетіндер бар. Бұл – мүлдем ақтауға болмайтын заңсыздық, қараңғылық, тіпті, масқара тірлік. Өркениетті қоғамда әр азаматтың абыройы, құқығы және бостандығы баға жетпес құндылық болуы керек» [21] екендігіне арнайы тоқталған болатын.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтай отырып, әйел құқығы мен ар-намысын қорғау туралы айтқан сөзі – қазіргі гендерлік білім берудің мазмұнын қалыптастыруда негізгі бағдар болуы тиіс. Бұл идея оқу бағдарламаларын ұлттық сана мен құқықтық мәдениет сабақтастығы негізінде құру қажеттігін көрсетеді. Президенттің ұстанымын бағдар ете отырып, гендерлік білім беру бағдарламалары тарихи деректер мен заманауи әлеуметтік құндылықтардың арасындағы көпірге айналады. Осылайша, «Ақ жол» газеті материалдарын оқу үдерісіне енгізу тек тарихи фактіні меңгеру емес, азаматтық жауапкершілік, құқықтық сана және әлеуметтік әділеттілік ұстанымдарын қалыптастырудың тиімді тетігі екендігі айқын. Демек, XX ғасыр басында ұлт зиялыларын толғандырған әйел теңдігі мәселесі жаңа жағдайда алдымыздан шығып отырғаны айқын. Мәселенің өзектілігін ескеріп, еліміздегі гендерлік саясаттың қалыптасу тарихы мен атқаратын қызметін оқу үдерісіне енгізу үшін білім беру бағдарламасын дайындау қажеттілігі айқын сезіледі. Жаһандану жағдайында бәсекеге қабілетті маман дайындаумен қатар сын-қатерлерге жауап бере алатын жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру міндеті де көтеріп отырған мәселеміздің өзектілігін айқындайды.

Ұлттық басылым беттерінде көтерілген осы мәселелер атқарушы билік пен қоғамдық-саяси ұйымдардың назарын аударып, нақты тәжірибеде қолданыс тапты. Ұлт зиялылары XX ғасырдың бас кезінде қоғамдағы шұғыл шешімін табуы тиіс әлеуметтік мәселелердің ең өзекті міндеттерінің бірі ретінде әйел теңдігін ұлттық идея деңгейінде тұжырымдап, оны мемлекеттік реформалардың құрамдас бөлігі ретінде ұсынды. Бұл идея кеңестік әлеуметтік реформалармен кірігіп, кей жағдайларда оң нәтижелер бергенімен, коммунистік идеология

әйел теңдігі мәселесіне саяси сипат беріп, дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуді күшейтудің құралына айналдырды.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер XX ғасырдың алғашқы ширегінде орын алған реформалық өзгерістер тарихын тануда және қазіргі гендерлік саясат тарихының мазмұнын білім беру бағдарламаларына енгізуде маңызды әдістемелік негіз бола алады. «Ақ жол» газетіндегі гендерлік жарияланымдарды мазмұндық тұрғыдан жүйелеу олардың қоғам дамуындағы тарихи рөлін нақты айқындап, бүгінгі күннің рухани және әлеуметтік сұраныстарымен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Elgqvist-Saltzman I. Straight Roads and Winding Tracks: Swedish educational policy from a gender equality perspective // Gender and Education. – 2006. – Vol. 4, Issue 1-2. – P. 41–56. <https://doi.org/10.1080/0954025920040104>
2. Carlson M., Kanci T. The nationalised and gendered citizen in a global world – examples from textbooks, policy and steering documents in Turkey and Sweden // Gender and Education. – 2017. – Vol. 29, Issue 3. – P. 313–331.
3. Zippel K., Marx Ferree M., Zimmermann K. Gender equality in German universities: vernacularising the battle for the best brains // Gender and Education. – 2016. – Vol. 28, Issue 7. – P. 867–885. <https://doi.org/10.1080/09540253.2015.1123229>
4. Темірбекова Ж., Ергебеков М. Кіріспе немесе гендерлік зерттеулердің маңызы жайында // Кіт.: Гендер және Қазақстан қоғамы. – Алматы: «DELUXE Printery» баспаханасы, 2022. – Б. 5–8.
5. Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08> Б.89
6. Ағабекова Ж.А., Салимжанова А.С. Қазақстандағы гендерлік лингвистиканың ғылыми негіздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – №4 (134). – Б. 33–47. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.103>
7. Қылышбаева Б.Н. Гендерлік білімнің тұлғаның қалыптасуына ықпалы // Известие НАН РК. Серия общественных наук. – 2010. – №5. – Б. 105–107.
8. Бекебаева А., Атаева Т. Қазақстан Республикасындағы гендерлік білім берудің стратегиялары мен нәтижелері //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2024. – №146(1). – Б. 97–109.
9. Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі гендерлік білім мәселесі // ҚазҰУ хабаршысы. Педагогикалық серия. – 2011. – №3 (34). – Б. 54–57.
10. Ресей Социалистік Федеративтік Кеңестер Республикасының Конституциясы. 10 шілде 1918 ж. [Электронды ресурс]. URL: <http://www.hist.msu.ru/ER/Etext/cnst1918.htm> (қаралған күні 10.10.2024)
11. «Алаш» қозғалысы / Құраст. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы, И. Нұрахмет. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2008. – 324 б.
12. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 1 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 380 б.
13. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 3 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 383 б.
14. Жизнь и деятельность представителей казахской интеллигенции в Туркестане. Сборник документов и материалов. Часть II. – Шымкент: Арыс, 2004. – 277 с.
15. Қазақстан Хүкіметінің неке туралы шығарған низамы. Сот Комиссары Әлібеков // Кіт.: «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 1 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – Б. 67–69.
16. Сара Есова. Қазақстанда әйелдер ісі. // Кіт.: «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 3 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – Б. 329–330.

17. Сара Есова. Әйел бостандығы // Кіт.: «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 4 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – Б. 266–268.
18. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 2 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. 384 б.
19. Түркістан қазақ-қырғыз еңбекшілерінің тұңғыш сиезі (Әулиеата 20-30-шы февраль 1921-ші жыл) 27-ші январь ерте мәжілістің ақыры // Кіт.: «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 2 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – Б. 282–283.
20. «Ақ жол» (газеті). Көптомдық. 4 том / Құраст. Х. Есенқарақызы. – Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2020. – 384 б.
21. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзі [Электронды ресурс]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulattyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (қаралған күні 11.06.2024)

REFERENCES

1. Elgqvist-Saltzman I. Straight Roads and Winding Tracks: Swedish educational policy from a gender equality perspective // Gender and Education. – 2006. – Vol. 4, Issue 1-2. – P. 41–56. <https://doi.org/10.1080/0954025920040104>
2. Carlson M., Kanci T. The nationalised and gendered citizen in a global world – examples from textbooks, policy and steering documents in Turkey and Sweden // Gender and Education. – 2017. – Vol. 29, Issue 3. – P. 313–331.
3. Zippel K., Marx Ferree M., Zimmermann K. Gender equality in German universities: vernacularising the battle for the best brains // Gender and Education. – 2016. – Vol. 28, Issue 7. – P. 867–885. <https://doi.org/10.1080/09540253.2015.1123229>
4. Temirbekova Zh., Ergebekov M. Kirispe nemese genderlik zertteulerdin manyzy zhaynda [Introduction or on the importance of gender studies] // Kit.: Gender zhane Qazaqstan qogamy. – Almaty: «DELUXE Printery» baspahanasy, 2022. – Б. 5–8. [in Kazakh]
5. Karimova B., Quantaiuly N., Tolepbergen B. Korkem matinnin genderlik erekshelekteri [Gender features of a literary text] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – Б. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08.B.89>. [in Kazakh]
6. Agabekova Zh.A., Salimzhanova A.S. Qazaqstandagy genderlik lingvistikanyn gylymi negizderi // Iasau universitetinin habarshysy. – 2024. – №4 (134). – Б. 33–47. <https://doi.org/10.47526/2024-4/2664-0686.103> [in Kazakh]
7. Qylyshbaeva B.N. Gendrlık bilimnin tulganyn qalyptasuyna yqpaly [Influence of gender education on personality formation] // Izvestie NAN RK. Seria obshestvennyh nauk. – 2010. – №5. – Б. 105–107. [in Kazakh]
8. Bekebaeva A., Ataeva T. Qazaqstan Respublikasyndagy genderlik bilim berudin strategialary men natijeleri [Strategies and results of gender education in the Republic of Kazakhstan] // L.N. Gumilev atyndagy Eurazia ulttyq universitetinin habarshysy. Sayasi gylymdar. Aymaqtanu. Shygystanu. Turkitanu seriesy. – 2024. – №146(1). – Б. 97–109. [in Kazakh]
9. Alqojaeva N.S. Qazirgi kezdegi genderlik bilim maselesi [The problem of gender education in modern times] // QazUU habarshysy. Pedagogikalyq seria. – 2011. – №3 (34). – Б. 54–57. [in Kazakh]
10. Resei Socialistik Federativtik Kenester respublikasynyn Konstituciasy. [Constitution of the Russian Socialist Federative Soviet Republic]. 10 shilde 1918 zh. [Electronic resource]. URL: <http://www.hist.msu.ru/ER/Text/cnst1918.htm>. (date of access 10.05.2024) [in Kazakh]
11. «Alash» qozgalysy [“Alash” movement] / Qurast. E. Tileshev, D. Qamzabekuly, I. Nurahmet. – Almaty: «Sardar» baspa uii, 2008. – 324 b. [in Kazakh]
12. «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 1 tom. [“Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 1] / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – 380 b. [in Kazakh].

13. «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 3 tom [“Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 3] / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – 383 b. [in Kazakh]
14. Zhizn i deiatel'nost predstavitelei kazakhskoi intelligencii v Turkestane. Sbornik dokumentov i materialov [Life and activities of representatives of the Kazakh intelligentsia in Turkestan. Collection of documents and materials]. Chast II. – Shymkent: Arys, 2004. – 277 s. [in Russian]
15. Qazaqstan Hukimetinin neke turaly shygargan nizamy. Sot Komissary Alibekov // Kit.: «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 1 tom / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. [Regulations on marriage issued by the Government of Kazakhstan. Judicial Commissioner Alibekov // In: “Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 1]. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – B. 67–69. [in Kazakh]
16. Esova Sara. Qazaqstanda aielder isi // Kit.: «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 3 tom / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy [Sarah Esova. Women's affairs in Kazakhstan // In: “Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 3]. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – B. 329–330. [in Kazakh]
17. Esova Sara. Aiel bostandygy // Kit.: «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 4 tom / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. [Sarah Esova. Women's freedom // In: “Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 4] – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – B. 266–268. [in Kazakh]
18. «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 2 tom // Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. [“Aq zhol” (newspaper). Multivolume]. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. 384 b. [in Kazakh]
19. Turkistan qazaq-qyrgyz enbekshilerinin tungysh siezi (Aulicata 20-30-shy fevral 1921-shi zhyl) 27-shi ianvar erte mazhilistin aqyry // Kit.: «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq. 2 tom / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. [Turkistan is the first of the Kazakh-Kyrgyz workers // In: [“Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 2]. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – B. 282–283. [in Kazakh]
20. «Aq zhol» (gazeti). Koptomdyq 4 tom / Qurast. Kh. Esenqaraqyzy. [“Aq zhol” (newspaper). Multivolume. Vol. 4]. – Nur-Sultan: «Alashorda» qogamdyq qory, 2020. – 384 b. [in Kazakh]
21. Memleket basshysy Qasym-Jomart Toqaevtyñ Ulttyq quryltaydyn «Adal adam – Adal enbek – Adal tabys» atty ushinshi otyrysynda soilegen sozi [Speech of the head of State Kassym-Jomart Tokayev at the third meeting of the National kurultai “Honest man – honest work – honest success”]. [Electronic resource]. URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyñ-ulttyk-quryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727> (date of access 11.06.2024) [in Kazakh]